

## Абайдың қара сөздері

ОН СЕГІЗІНШІ ҚАРА СӨЗ

Адам баласына жыртық-сыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек - дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ - кербездің ісі. Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап өуре болмақ. Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейіншілерге «өттең, дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» - дейтұғын болмаққа ойланбақ. Мұның бәрі - масқаралық, ақымақтық. Мұны адам бір ойламасын, егерде бір ойласа, қайта адам болмағы - қиын іс. Кербез дегенді осындай кер, кердең немерден безіндер деген сөзге ұқсатамын. Те-гінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақтық.

2-бетте

БІРІНШІ СЫНЫПҚА  
ТІРКЕУ ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫ  
ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

4-бетте

ИНДУСТРИАЛДЫ  
АЙМАҚТА  
СЕРПІНДІ  
ЖОБАЛАР...

3-бетте

ҚАЛА КӨПІРЛЕРІ  
РЕТКЕ КЕЛТІРІЛУДЕ



№ 22

/sarsenbi/

03 маусым

2020 жыл

Gazet Qazaqstan Jymalstika Akademiasynyń "Altyn Jyldyz", Qazaqstan Jyralister odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaqy sylyqtarynyń, "Altyn júrek" sylyǵynyń iegeri

RESPUBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙТӨАҚ

Аптаның алғашқы күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваны қабылдады, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Аида Балаева Қазақстан Президентіне министрліктің атқарып жатқан жұмысы және таяу болашақтағы жоспарлары туралы баяндалды.

Мемлекет басшысы дағдарысқа қарсы шараларға және азаматтық қоғамды дамытуға баса назар аудару қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ, халықпен кері байланыс жұмысын күшейту, мемлекеттік ақпараттық тапсырыс нормаларын жетілдіру, мемлекеттік медиаресурстарды оңтайландыру, салалық журналистиканы дамыту мәселелері де қозғалды.

Аида Балаева Қасым-Жомарт Тоқаевқа жақында құрылған Этносаралық қатынастарды дамыту жөніндегі комитет пен Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының міндеттері жайында мәлімет берді.

Президент ақпараттандыру және қоғамдық даму бағытындағы жұмыстардың тиімділігін арттыру жөнінде тапсырма берді.

Ақорда.

## ПРЕЗИДЕНТ ХАЛЫҚПЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС ЖҰМЫСЫН КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ



## ТҮРКІСТАН ТУРИСТЕРДІ НЕСІМЕН ТАҢҚАЛДЫРАДЫ?

Киелі орда саналатын Түркістан шаһары күннен күнге сәулеті артып, қарышты дамуда. Тек зияткерлік туризмнің ордасы ғана емес, заман талабына сай, туристер үшін ыңғайлы жағдай жасау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып, тиісті шешімдер қабылданып, жүзеге асуда. Мәселен, енді әр саяхаттаушы келер алдында онлайн таңдау жасай алады. Бүгінде Түркістан қаласы рухани-мәдени орталығының алаң ішіндегі инженерлік-инфрақұрылым құрылысы мен драматеатр аумағын абаттандыру жұмыстары да қалыпты жүруде. Қаланы дамыту бағытындағы атқарылған осы және өзге де жұмыстары мен жоспарлары туралы қала басшысы Рашид Аюпов Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің төрағалығымен өткен лездемелік мәжілісте баяндады.

Жаңадан дайындалған туристік себетіне электрокармен аралап, гид пен аудиогид көмегіне жүгіну, энто және брендтелген кәдесыйлар дүкендеріне саяхат кіреді. Көлікпен Сауран қаласына сафари, бүркіттер шоуы, күн батқанда далаға түйелер керуенін жүргізу және қобыз үнінің сүйемелдеуімен кештер, көшпенділер шоуы, ыстық тандыр нан мен саумал ішіп, аттылардың алаулармен жарықтандырылған көріністері өтеді.

Түркістан қаласында бірқатар құрылыс жұмыстары шілде айында толық аяқталмақ. «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының аумағын абаттандыру құрылысы 3 кезеңге бөлінген. Көріз жүйесін жүргізуге жер қазылып, су бұрқақ алаңына бетон құю жұмыстары жалғасуда.

Жалғасы 4-ші бетте

Қаладағы қоғамдық көлік мәселесі тұрғындар үшін де, билік үшін де жауыр болған тақырыптың бірі. Иә, шаһарымыздың миллионды қала атанып жер көлемінің ұлғаюы, қала халқының санының артуы бірқатар мәселенің туындатары хақ. Дегенмен, мегаполис мәрі бұл түйіткілдердің түйінін кезең-кезеңімен шешілуіне атсалысуда. Өткен аптада осы қоғамдық көлік жүйесіне өзгерістер енгізу мақсатында қала әкімдігінде Мұрат Әйтеновтің қатысуымен жиын өтті. Онда «Astana LRT» компаниясы қала басшысына Шымкенттегі қоғамдық көлік кешенін модернизациялау бойынша жасалған тұжырымдамасын таныстырды.

Жаңа жүйе бойынша қоғамдық көліктердің жұмысы жақсарып, тиімділігі артады. Атап айтқанда, автобустарды мобильді қосымша арқылы бақылауға болады, жол ақысын электронды төлеуге мүмкіндік туады, жаңа бағыттар ашылады, цифрлық және интеллектуалдық жүйе енгізіледі.

Қала әкімі аталған тұжырымдаманы мақұлдап, жаңа жүйеге кезең кезеңімен көшуді және белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

- Бұл жүйе қала ішіндегі кептелістің азаюына, тұрғындардың діттеген жеріне тез жетуіне, жемқорлықтың алдын алуға, «Smart city» жүйесіне тезірек көшуге мүмкіндік береді, - деді Мұрат Әйтенов.

Әлемнің әр жерінде бүгінде ақылды қалалардың саны біртіндеп көбеюде. Халықаралық

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ ЖАҚСАРЫП, ТИІМДІЛІГІ АРТАДЫ



тәжірибелерге сүйенсек, «Smart city» жобасы әлемнің 2500 қаласына енгізілді. Соның арқасында олардың көптеген қалалары дамып, тұрғындары жайлы өмірге қол жеткізді. Әр ел халыққа жайлылықтың өртүрлі жолдарын тандауда. Біздің елде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында қызметтерді автоматтандыру үрдісі кеңінен қолға алынууда. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «заманауи технологиялар жылдам өсіп келе жатқан мегаполистің проблемаларын тиімді шешуге жол ашады» деп атап көрсеткен болатын. «Smart City» концеп-

циясын енгізген қаланың бір бағыты тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында азаматтардың қалауларына құлақ асып, ынтымақтаса отырып, келісімге келу.

Аталған концепция тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де үлкен септігін тигізеді. Енді жүргізушілер арнайы курстардан өтіп, кондукторлардың қызметі қатаң тексерілетін болады. Сондай-ақ, диспетчерлеу арқылы автобус арасындағы жиілік сақталып, аялдамаға тоқтамайтын жүргізушілер қадағаланады. Бұдан бөлек, сауда орталықтары мен мектеп және басқа да адам көп шоғырланатын аялдамалар реттеліп, шағын-аудандарға қатынау жеңілдейді.

Жалғасы 3-ші бетте



## Тағайындау



### Тимур НАХЫПБЕКОВ - Түркістан облысы Кәсіпкерлер палатасының басшысы

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқармасының шешімімен Түркістан облысы Кәсіпкерлер палатасына Тимур Арсенұлы Нұхыпбеков басшы болып тағайындалды. Осыған дейін Тимур Нұхыпбеков ҰКП өңірлік даму департаментінің басқарушы директоры қызметін атқарған.

Тимур Нұхыпбеков 1986 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша білім алған. 2010 жылы Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінде «заңгерлік» мамандығында оқыған. Іскерлік әкімшілік магистрі дәрежесіне де ие.

Еңбек жолын Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысымен күрес департаментінде инспектор ретінде бастаған.

2018 жылдан 2020 жыл аралығында Ақмола облысы кәсіпкерлер палатасының директоры лауазымында болған.

2020 жылдың ақпан айынан жаңа қызметке тағайындалғанға дейін ҰКП өңірлік даму департаментінің басқарушы директоры қызметін

## БІРІНШІ СЫНЫПҚА ТІРКЕУ ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Ағымдағы жылдың 1 мауысымынан бастап бірінші сыныпқа тіркеу үшін құжаттарды қабылдау басталды, деп хабарлайды eGov порталы.

Биыл он мыңдаған бала алғаш рет мектеп табалдырығын аттайды. Егер сіз болашақ бірінші сынып оқушысының ата-анасы болсаңыз, онда балаңыз білім нәрімен сусындайтын мектепті таңдап қойған боларсыз. Енді сізге балаңызды “бірінші сынып оқушыларының” қатарына қабылдау үшін өтініш беру керек.

Өтінішті бүгіннен бастап 30 тамызға дейін мектепке барып, ХҚКО немесе eGov порталы арқылы бере аласыз.

eGov порталы арқылы өтінішті қалай беруге болады?

– “Білім” тарауында авторланған соң, орта білім бөлімінен “Білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы)” қызметін таңдайсыз.

– 026/у-3, 063/у анықтамаларының және баланың сапалы цифрлық суретін тіркей отырып, қажетті мектепті таңдап, “тапсырыс беру” түймесін басыңыз.

– Өтінімді ЭЦҚ немесе SMS-құпия сөзі арқылы растайсыз.

Өтінімге жауап ретінде 5 жұмыс күнінен кейін порталдағы сіздің жеке кабинетіңізге құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат пен мектепке қабылдау туралы бұйрық келеді.

eGov.kz

## КЕНТАУДА ПОЛИЭТИЛЕНДІ ҚҰБЫР ӨНДІРІЛЕ БАСТАДЫ

Шағын және орта бизнесті қолдау тетіктерінің нәтижесінде Түркістан облысында көптеген өндірістің ісі өрге домалауда. Кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан берілген көмектің арқасында тек өндіс көлемі ұлғайып қана қоймай, жергілікті тұрғындар жұмыспен қамтылуда.

Жуырда Кентау қаласында «АБН Альянс» ЖШС-нің полиэтиленді труба шығару цехі өз жұмысын бастады. Жобаның құны 600 млн. теңгені құрайды. Кәсіпорын жылына 1500 тонна труба шығаруға қауқарлы. Онда бүгінде 50 адам жұмыспен қамтылған. Аталған цех қаладағы тоқтап тұрған бұрынғы “Бетонзавод” ғимаратын сатып алып, құрал-жабдықтар орнату жұмыстарын жүргізіп, жобаны іске қосқан. Алдағы уақытта аталған ғимараттың ішінде «АБН Альянс» ЖШС радиатор шығару цехын іске қосу жоспарлануда. Жобаның құны - 1 млрд 200 млн теңгені құрамақ. Жоба толық іске асса, жылына 600 мың дана радиатор шығарылады деп күтілуде.



Мұнда да 50 адам жұмыспен қамтылатын болады.

Бұдан бөлек, мұнда темірбетон шығару цехын ашу көзделуде. Жобаның құны 200 млн теңге. Кәсіпорында жылына 13500 дана темірбетон шығарылмақ.

Мақтаарал ауданындағы топан су басқан Жаңажол ауыл округіне қарасты Өргебас ауылында алғашқы бір үйдің қабырғасы қаланып, үш баспананың іргетасын құю жұмыстары басталды. Осындағы жұмыстарға үйлестіруші боп бекітілген Аязхан Қалыбеков ауыл округінің әкімі Молдабек Битеміровтің айтуынша, жалпы Өргебас ауылында 189 үй бар. Соның бүгінде 138-інің иесіне үкімет тарапынан 17 млн. теңгенің 50 пайызы, яғни, 8,5 млн. теңгесі толық аударылған. Дәл қазіргі уақытта мұнда 162 үйді бұзу және 45 баспананың іргетасын құю жұмыстарына дайындық жүргізілуде. Ал, бір үйдің қабырға көтеру жұмыстары басталып кетіпті. Өргебас ауылынан

## МАҚТААРАЛДА АЛҒАШҚЫ ҮЙЛЕРДІҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ



өз үйінің құрылысын алғаш боп бастағандардың бірі – Камал Сапаров. Бүгінде ол үйінің қабырғасын жартылай көтеріп үлгерген.

«Үкіметімізге рахмет, уәде еткен 17 млн. теңгенің 8,5 млн. теңгесін берді. Сол қаржыға құрылыс материалдарын сатып алып, жұмыстарды бастап жібердік. Барлық қажетті көмектер беріліп жатыр. Тек енді бізге құрылысшылар қажеттілігі туындауда. Ақшасын келісіп, жұмыс ұсына аламыз. Үй салушылар жергілікті өзіміздің ауданнан болса, тіпті жақсы болар еді», – дейді Камал Сапаров.

Бұдан бөлек, Мақтаарал ауданындағы топан су шайған Фирдауси ауылында алғашқы 10 үйдің іргетасы қаланды. Жалпы бұл ауылда 150 үй бұзылып, 80 баспананың іргетасын қалауға дайындық жүр-

гізілуде. Бұл жұмыстарға 470 жұмысшы атсалысқан.

Бүгінде Фирдауси ауылындағы 141 отбасының әрқайсысына үкімет резервінен бөлінетін 17 млн. теңгенің 50 пайызы, яғни, әр жанұяға 8,5 млн теңгесі аударылған. Қазір тұрғындар осы қаржыға үй салуға қажетті құрылыс заттарын сатып алып жатыр. Үйінің іргетасын қалағандардың қатарында Музафар Шарапов та бар.

“Үйімнің іргетасын көтеріп қойдым. Ақшамыз қолымызға тие сала құрылыс заттарын сатып алдым. Үкіметімізге, облыс, аудан басшыларына, бізге жауапты боп бекітілген Келес ауданының әкімдігіне алғысымыз шексіз”, - дейді Музафар Шарапов.

Жандары апаттан аман қалған тұрғындардың тұрғын үйлері ғана емес, қалыпты өмір-

леріне де қайта оралды. Бүгінде егіспен нәпақа тауып отырған мырзашөпдік ағайын су басқан егістік алқаптарын қайта қалпына келтіріп, шитті мақта егу жұмыстарын бастады. Осы мақсатта Мақтаарал ауданына Өзбекстан Республикасының Жызақ және Сырдария облыстарынан 40 арнайы техника мен 243,6 тонна мақта шиті жеткізілді. Оның 15-і чизель агрегаты болса, 11-і – жүйекаралық қопсытқыш, 14-і дөн сепкіш (сеялка) тракторлары.

Аудан аумағына кірген техникалар қазіргі уақытта суы тартылған елді мекендердегі шаруаларға көмектесіп, мақта дақылын қайта егіп беріп жатыр. Мәселен, Ж.Нұрлыбаев ауылдық округіне қарасты Қарақыр елді мекеніндегі «Жаманқұл» шаруа қожалығы өзбекстандық техниканың арқа-

сында 7 гектар алқабына мақта шитін қайта сеуіп шықты.

\*\*\*

Сондай-ақ, мұнда бос жұмыс орындарының жылжымалы жәрмеңкесі ұйымдастырылуда. Шараның мақсаты - топан судан зардап шеккен ауылдардың тұрғындарына арналып Мырзакент кентінің шығыс жақ бетінде салынып жатқан жаңа шағын ауданындағы тұрғын үй құрылысына қажетті жұмысшыларды тарту. Дәл қазіргі таңда аудандық жұмыспен қамту орталығының мамандары 2 кент және 9 ауылдық округті аралап, тұрғындарға бос жұмыс орындарын ұсынуда. Жылжымалы жәрмеңке барысында 32 мердігер мекемеге қажетті әр түрлі қызмет түрі ұсынылуда. Айта кетейік, жұмысшыларға жалақы келісім түрінде төленетін болады. Мәселен, қабырға өрудің бір шаршы метрі 7 мың теңге, шатыр жабу 1,5- 2 мың теңге арасында, сеймобелдеу құюдың шаршы метрі 1,5 мың теңге шамасында төленетін болады. “Жылжымалы жәрмеңке алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады”, - дейді Мақтаарал аудандық халықты жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Жақсыбек Тоқбергенов.

\*\*\*

Қиын-қыстауда бірлігінің бекемдігін дәлелдеген аға-

### Бұл аптада кімдер туылған?

**03.06.1937 ж.**  
**Клара Әліпова**  
Ұстаз, еңбек ардагері

**04.06.1958 ж.**  
**Нұржамал Үсенбаева**  
Қазақстанның Халық әртісі,  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік сыйлығының  
лауреаты, «Құрмет»  
орденінің иегері

**05.06.1947 ж.**  
**Бекет Тұрғараев**  
Қазақстанның  
Құрметті судьясы,  
Түркістан облысының  
Құрметті азаматы,  
«Парасат», «Құрмет»  
ордендерінің иегері

**06.06.1953 ж.**  
**Қансейіт Әбдәулы**  
Ф.ғ.д., әдебиеттанушы,  
ғалым

**06.06.1972 ж.**  
**Әлішер Пірметов**  
«Самұрық-Қазына» ұлттық  
әл-ауқат қоры» Акционерлік  
Қоғамы Басқарма  
Төрағасының орынбасары

**06.06.1981 ж.**  
**Еркеғали Әлімқұлов**  
Шымкент қалалық әкімі  
аппаратының басшысы

**07.06.1960 ж.**  
**Берік Имашев**  
ҚР Орталық сайлау  
комиссиясының Төрағасы

**09.06.1955 ж.**  
**Мұрат Тағаев**  
«Ордабасы құс» АҚ  
директоры,  
Түркістан облысының  
Құрметті азаматы

Құрметті туылған күн иелері!  
Сіздерді «Айғақ»  
газетінің ұжымы  
туған күндеріңізбен шын  
жүректен құттықтайды!

йындардан бұл аптада да гуманитарлық көмек керуендері жетті. Соның бірі жетісулықтардан екінші рет келген көмектің көлемі 80 тонна. Игі іске мұрындық болған “Nur Otan” партиясының белсенді мүшелері, меценаттар, халық қалаулылары. Жомарттық жасаушылар қатарында депутаттар – Ж.Үшкөмпіров, Д.Молдахалықова және Т.Ботабеков бар.

Ал, Батыс Қазақстан облысынан 12 тонна көмек келді.

Сондай-ақ, Алматы облысы Қапшағай қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында демалып жатқан Мақтаарал ауданының 6 мектептің балаларына «АЯЛА» қайырымдылық қорының басшылығы қонаққа келді. Қайырымды жандар 15 млн. теңге қаражатына 5-9 сынып оқушыларына 251 жинақтама киім, аяқ киім және кеңсе тауарлары салынған рюкзактар табыстады. Балаларға қолдау көрсетіп, қуанышты көңіл-күй сыйлау үшін қормен бірге өйгілі JOKEASSES командасының вайнерлері келді.

**Шолушы.**





## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС - ҚУАТТЫ ЭКОНОМИКАҒА ЖОЛ АШАДЫ

Шағын және орта бизнес - ел экономикасының біріктіруші, қалыптастырушы және тұрақтандырушы күші. Сондықтан да, еліміздің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі аталмыш саланы дамыту. Шағын және орта бизнесті кәсіпкерлікті қолдау ішкі экономикалық күштің қозғауына тікелей себепкер. Елбасының халыққа арнаған Жолдауларында да Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІ НЕГІЗІ атты Жолдауында да елімізде кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған нақты тапсырмалар берілген. Аталмыш Жолдаудың ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫҒАН ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКА бөлімінде шағын және орта бизнесті дамытудың нәтижелеріне айқын тоқталған. Мемлекет басшысы: «Шағын, әсіресе, микробизнес еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады.

Атап айтқанда, ең алдымен, ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс береді, жұмыссыздықты азайтады. Сонымен қатар, салық базасын құрап, жергілікті бюджетті нығайтады.

Сондай-ақ, жаппай кәсіпкерлікті дамыту санаға сіңген патерналистік пиғыл мен масылдықтан арылуға мүмкіндік береді.

Сондықтан, мемлекет алдағы уақытта да бизнеске қолдау көрсете береді» деп мемлекет тарапынан өндірісін өрге домалатамын деушілерге барлық уақытта қолдау болатындығын анық айтып, ол үшін мемлекет қазынасынан қомақты қаржат та бөліріп отыр. Дегенмен, елімізде енгізілген төтенше жағдай еліміздің барлық азаматтарына, әсіресе, бірқатар бизнес иелеріне ауыр тиді. Осы ретте Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов өткен аптада төтенше жағдайдан кейінгі кәсіпорындардың жұмысымен танысты. Ең алдымен қала басшысы Қазақстандағы ең ірі «Бал Текстиль»

лиард 800 миллион теңгені құрайтын «Өлем БТ» ЖШС қазақстандық шұлық-тоқыма зауытына барды. Кәсіпорын қуаттылығы жылына 20 миллион жұп өнімді құрайды.

Мұрат Дүйсенбекұлы таза былғарыдан аяқ киім шығаратын «СП «LuxShoes» ЖШС-нің де жұмысымен де танысты. Мұндағы өнімдер италияндық технология бойынша заман талабына сай түрік жабдықтарында шығарылады. Тауарларын жергілікті нарыққа шығаратын кәсіпорын жылына 120 мың жұп аяқ-киім шығаруға қауқарлы. Сондай-ақ, қала басшысы мақта иірімжібін өндіретін «Azala Cotton» фабрикасында болды.

## 1 МАУСЫМНАН БАСТАП ШЫМКЕНТТЕ 2 095 ОРТА ЖӘНЕ ШАҒЫН БИЗНЕС НЫСАНДАРЫ ҚАЙТА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ. Яғни, 33 мыңнан астам жұмысшы өз ісіне кіріседі деген сөз.

Аталған аймақта бүгінгі таңда құны 29,9 млрд. теңгені құрайтын 16 жоба жүзеге асырылған. Нәтижесінде 1 630 жаңа жұмыс орындары құрылған. Оның ішінде 2020 жылдың ақпан айында «СП «Lux Shoes» ЖШС-нің аяқ киім табандарын шығару жобасы іске қосылып, 20 жаңа жұмыс орны ашылды. Жыл соңына дейін «В.А.Е.Р.» ЖШС - Дөкеден таңу материалдар өндірісі жобасының жүзеге асырылуы жоспарлануда.

Президент тапсырмасын орындау, сондай-ақ, орын алған төтенше жағдайдан соң кәсіпорындарды қайта қалпына келтіру мақ-

сатында, жуырда мегаполисте тағы бір бастама жүзеге асты. Аталмыш жоба аясында қала кәсіпкерлері мен инвесторларға «бір терезе» қағидасымен мемлекеттік қолдау және мемлекеттік қызмет көрсетілетін болады. «Бизнеске арналған Үкімет- Shymkent INVEST» кеңсесін әкімдік пен Кәсіпкерлер палатасы бірлесе жүзеге асырып отыр. Инвесторлар мен кәсіпкерлерге қызмет көрсетудің бірыңғай орталығы - кәсіпкерлерді қолдау мақсатында өзірленген дағдарысқа қарсы іс-шара жоспары аясында жүзеге асырылып отыр. Өңірлік палатаның консультанттары БЖК-2025 бағдарламасы аясында сервистік қызметтің 6 түрін ұсынады.

Ағымдағы жылдың 1 маусымынан бастап толыққанды жұмысын бастаған фронт-офисте «SHYMKENT ӘКК» «ДАМУ» қоры мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының (ХҚКО) консультанттары мен мемлекеттік органдардың қызметкерлері де осында болады.

Мұнда барлық қызметтерді бір жерден алу үшін кәсіпкерлерге ыңғайлы жағдай жасалғанын айтқан палата директоры Н.Қабыштаев орталыққа - кәсіпкер бизнесінде туындаған сұрақтардың күрделілігіне қарамастан жүгіне алатынын атап өтті.

Бұл жоба - ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін өте ыңғайлы екенін айтқан қала басшысы, мұнда ең бастысы кәсіпкердің уақыты үнемделіп, мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қаржыландырудың қолжетімділігі артады, - деді.

Өнеркәсіп саласын жандандыру мақсатында Шымкент қаласы аумағында орналасқан «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында 2020-2022 жылдары жалпы көлемі 60 млрд. теңгеден астам 26 жоба жүзеге асырылмақ. Нәтижесінде, 2000 жұмыс орны құрылады деп күтілуде. Иә, шағын және орта бизнесті дамытудың берер жемісі көп. Ең алдымен, сол аймақтың экономикалық ахуалын жақсартса, екіншіден жергілікті тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз етеді. Әрине, үшіншісі тұтынушылар отандық өніммен қамтылуына кең жол ашады. Яғни, жергілікті өнім халық үшін бағасы тиімді болмақ.

Шағын орта бизнес кәсіпорындары, шоғырландырылған тоқыма кластері қалыптастырылған арнайы экономикалық аймақта 3434 жұмыс орнын құруды көздейтін жалпы құны 90,1 млрд. теңге болатын 42 жобадан тұрады.

Шағын және орта бизнестің жұмысын жандандыру мақсатында қала басшысы бұл аптада да бизнес иелерінің кәсіпорындарымен етене танысу жұмыстарын бұл аптада да жалғастырды. Мұрат Әйтенов қала экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосып келетін «Оңтүстік» индустриалды аймақта орналасқан бірқатар кәсіпорындардың жұмысымен танысты. Ондағы кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдауларды атап өтіп, іскер азаматтармен пікір алмасты.

Кәсіпорындар экономиканы өртараптандыру ісінде тірек күшке айналу керек екенін айтқан қала басшысы өндіріліп жатқан өнімнің экспортын арттыруға басымдық беруді атап өтті. Сонымен қатар, ол өнеркәсіп өндірісінің көлемін арттыруға және кәсіпкерліктің дамуы бағытында бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді.

**Ұлжан НАУШАБАЕВА.**

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ ЖАҚСАРЫП, ТИІМДІЛІГІ АРТАДЫ

Ақылды қала тұрғындарының ыңғайлылығын арттыру мақсатында қалада интернетпен кедергісіз 100% қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Мұндай тапсырманы қала әкімі Мұрат Әйтенов интернетпен қамту мәселелері бойынша онлайн режимде өткен аппараттық жиында берді.

Қаладағы шағын аудандарда жоғары сапалы интернетпен қамтамасыз ету жайын баяндаған цифрландыру басқармасы басшысының міндетін атқарушы Р.Ақжігітов қала аумағындағы 105 шағынаудан мен тұрғын алаптары интернет желісімен қамтамасыз етілгенін, оның ішінде мобильді интернетке - 74, сымды интернетке - 79, талшықты-оптикалық байланыс арнасына 49 шағынаудан қол жеткізгенін атап өтті.

Оның айтуынша, бүгінде интернет желісіне қатынау мүмкіндігі бар үй шаруашылықтарының үлесі 90,7 пайызды құраған. Оның ішінде 98,5%-ы мобильді кең жолақты байланысқа, ал 21,8% сымды кең жолақты байланысқа қосылған. Ал, интернет желісін пайдаланушылар үлесі 80%-ды, тір-

келген интернет абоненттерінің саны 75,5% құрайды екен. Бұдан бөлек, ол 20 шағынауданда интернет желісі, ал 16 тұрғын алапта мобильді интернет сапасы нашар екенін айтты.

Жиын барысында байланыс операторлары тұрғындардың денсаулыққа зиян келтіреді деген шағымдарының әсерінен бірнеше шағынаудандарда базалық станциялар алынып тасталғанын айтып, базалық станцияларды орнатуға арнайы жердің қарастырылғанын жеткізді.

Осы ретте, қала әкімі жылдамдығы төмен аймақтарды 100 пайыз жылдамдығы жоғары интернет желісімен қамтамасыз етуді тапсырды.

- Қаланың әрбір тұрғыны сапалы интернетке қол жеткізуі керек. Қазір мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі интернет арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан, сапасы төмен елді мекендерге көңіл бөліп, 5G жылдам интернет желісін қолға алуымыз керек, - деді М.Әйтенов.

Қаладағы кейбір шағын аудандарда 5G тұрмақ, 4G желісінің сапасы төмен екенін айтқан шаһар басшысы Шымкент қаласын жыл-

дамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз ету үшін стратегиялық жоспар құрып, 5G технологиясына өтуді жүктеді. Сонымен қатар, өкім салалық басқармаға ұялы байланыстың базалық станциялары мен қажетті жабдықтарды орнатуға тиісті жер учаскесін бөлу бойынша нақты тапсырмалар жүктеді.

Бағдарлама аясында тағы да ауқымды жұмыс жуырда жүзеге аспақ. Тарқатып айтар болсақ, маусым айының соңына дейін, «Қаланы басқару» саласы бойынша «109» мониторинг және жейделен қою қызметі» қолданысқа енгізу көзделуде. Бұл туралы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі А.Жұмағалиевтің қатысуымен өткен селекторлық жиында белгілі болды.

Шымкентте «Ақылды қалалар» эталондық стандарты мен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында 8 негізгі саладан тұратын тұжырымдама жүзеге асырылып жатқанын айтқан қала әкімі М.Әйтенов, бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастырынын атап өтті.

Бұдан бөлек, жер қатынастары



саласын цифрландыру мақсатында өткен жылы halyksaulet порталы іске қосылды. Halyksaulet арқылы мекенжайға нөмір беру, оны нақтылау және жою қызметтері автоматтандырылған жүйе арқылы бір жұмыс күнінің ішінде ұсынылып жатыр. Бүгінде шаһарда бас жоспардың инвестициялық картасы (shymkent.genplan.kz) өзірленген. Ендігі кезекте Шымкент қаласының геопорталы даындау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Айта кету керек, министр Шымкентте цифрландыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары баға берді.

Мұның барлығы «Ақылды қала» жобасы аясында жүргізіліп отырған жұмыстар екенін айта өту керек.

**Ұлжан НАУШАБАЕВА.**

## ҚАЛАНЫ КӨРІКТЕНДІРІП, РЕТКЕ КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



Еліміздегі үшінші мегаполисті көріктендіру және абаттандыру бойынша жұмыстар қарқынды түрде жүргізілуде, деп хабарлайды Шымкент қаласы әкімінің баспасөз қызметі.

Қазіргі таңда Қонаев пен Иляев көшелері қиылысы және Қонаев даңғылы мен Түркістан көшесі қиылысындағы гүлзарларда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, Шәмші әлемі аллеясы мен Чернобыль апатынан қаза болғандарға арналған аллея көркейтіліп, Әл-Фараби алаңы (орыс драматеатрына басты кірер есік алды) қайта жаңартылмақ. Бұдан бөлек, Орталық стадион аумағындағы БТЖ Тұлпар станциясының алаңы көріктендірілуде.

Бүгін қала әкімі Мұрат Әйтенов заманауи тұрғыда көріктендіру жұмыстары жүргізіліп жатқан бірқатар нысандарды аралап көрді. Демалыс орнының халыққа ыңғайлы өрі көрікті болуын айтқан қала басшысы өзінің бірқатар ұсыныстарын жеткізді. Сондай-ақ, Мұрат Дүйсенбекұлы құрылыста сапалы өрі тәзімді материалдарды пайдалану қажеттігіне назар аударды.

Абаттандыру жұмыстарына бюджеттен 933 млн. теңге қаржы бөлініп отыр. Аталған жұмыстарды қаладағы «Шымкент Спец Комплекс» ЖШС-гі мен «Шымкент Жасыл қала» ЖШС-гі жүргізуде. Мұнда «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 100-ден астам азамат жұмыспен қамтылған. Жалпы көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарына 300-ге жуық жұмысшы жұмылдырылып отыр.

Шымкенттің бас жоспарына сәйкес қала көшелерімен қатар көпірлері де ретке келтірілуде. Бүгін қала әкімі Мұрат Әйтенов Д.Қонаев даңғылымен жалғасатын «Бадам» өзені үстінен өтетін өткелдің құрылыс жұмыстарымен танысты.

Ұзындығы 100, ені 32 метрлік көпірдің құрылысы қала аумағындағы кептелістің алдын алуға көп сертігін тигізетін болады. Жақын арада пайдалануға берілетін нысанның құрылысына қала әкімі оң бағасын берді.

Жалпы шаһардағы жол сапасын дамыту мақсатында 2020 жылы 256 объектіде құрылыс-жөндеу жұмыстарына республикалық және жергілікті бюджеттен 26,9 млрд. теңге қаралған. Бұл 417,3 шақырым жол мен 7 көпір, 2 өткел, 1 оңға шығу жөне 1 жол өткелін қамтып отыр.

Нәтижесінде жыл соңына дейін 240 нысанды, яғни, 314,7 шақырым жол мен 6 көпір, 1 жол өткелін пайдалануға беру жоспарлануда. Сондай-ақ, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша 260 аялдаманы орнатуға 536,5 млн. теңге бөлінген. Осы бағдарлама аясында 319 адам жұмысқа орналастырылады, оның 1621-і жұмыспен қамту орталығы арқылы.

**«Айғақ»-ақпарат.**





ерекше маңызға ие екенін атап өту қажет. Өзбекстан біздің өңіріміз үшін екінші маңызды сауда-экономикалық әріптес болып табылады (23,8% немесе 170,2 млн. АҚШ доллары) (38,5% немесе 274,9 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде экспорт-170 млн. доллар және импорт

## ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ СЕРПІНДІ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ

Түркістан облысының әкімдігі мен «Узагротехсаноатхолдинг» АҚ және «Orbis Kazakhstan» компаниялары арасында ауыл шаруашылығы техникасын құрастыру жобасын жүзеге асыру аясында инвестициялық келісім мен жол картасына қол қойылды. Көрші мемлекет өкілдерін аймақ басшысы Өмірзақ Шөкеев қабылдады.

Республиканың әлеуметтік – экономикалық дамуын басқарудың түпкілікті жаңа жүйесіне көшу осы процестің басты мәселелерін анықтауға себепші болады. Олардың бірі болып инвестициялық қамсыздандыру мәселесі табылады. Инвестиция тарту – өзекті мәселе. Инвестициялық саясат мемлекеттің экономикалық саясатының бір бөлігі, сонымен қатар, мемлекеттің экономикасына, шаруашылық субъектілерінің кәсіпкерлік қызметіне әсер етуші құрал болып табылады. Мемлекеттің инвестициялық саясаты – бұл инвестициялық қызметті жандандыру, экономиканы көтеру, өндірістің тиімділігін арттыру, әлеуметтік мәселелерді шешу және басқа да әр түрлі жағдайларды жасау бойынша шаралар жиынтығы.

Өзбекстанның «Узагротехсаноатхолдинг» мемлекеттік компаниясы қазақстандық «Orbis Kazakhstan» компаниясымен бірлескен жобаны «Turkistan» индустриалды аймағындағы «Brownfield» өндірістік алаңында жүзеге асыруға ниетті.

Мемлекетіміздің даму стратегиясындағы инновациялық бағыт – бұл ұрпақ үлесін ғасырлар қойнауына апаратын сара жол. Инновация дегеніміз – жаңалықтарды іске асыра отырып, жасалынып жатқан үдерістер мен өнімдердің сапасын арттырып, оларды нарық үшін бәсекеге қабілетті ету болып табылады. Осы жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының жаңаруы жағдайындағы мемлекеттік құрылымның барлық саласында инновациялық зерттеулер жүргізу бүгінгі қоғамның сұранысы. индустриалды-инновациялық даму - бұл экономикалық жүйенің жедел түрде дамуы, ғылыми білімдерді инновацияларға және өндірістік қызметке айналдыру процесі. Оның ажы-

рамас бөліктері ретінде сарапшылар жаңа технологиялық құралдарды енгізу, ұлттық ғылыми-техникалық өлеуетті дамыту, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жою, инновациялық қызметті ынталандыру, алдыңғы қатарлы технологиялар мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуді атап отыр. Яғни, бұл – ең алдымен мемлекеттің және оның институттарының жан-жақты экономикалық жүйесінің модернизациясына бағытталған ісшаралар кешені.

Жобаны 3 кезеңде іске асыру жоспарланып отыр. Инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 12 млн. АҚШ долларын құрайды. Жоба толыққанды іске көшкенде 100-ге жуық жұмыс орны ашылады.

Инвесторлар кең қолданысқа ие болатын ауыл шаруашылығы техникаларын өндіруді жоспарлауда. Мәселен, әмбебап-жер айдау тракторы, мақта шаруашалығына арналған трактор, олардың тіркемелері мен роторлы орақтар, су бұрқу желдеткіштері, соқа және басқа да техникаларын құрастыру көзделген.

Сонымен қатар, «Узагротехсаноатхолдинг» АҚ қазақстандық мамандарды оқыту мен біліктілігін арттыруды, техникалық персонал үшін тәжірибелік тренингтер жүргізуді өз мойнына алып отыр.

Ал, отандық «Orbis Kazakhstan» компаниясы Қазақстан Республикасының аумағында ауыл шаруашылығы техникасын сату үшін дилерлік және сервистік желіні дамытатын болады.

«Turkistan Invest» тарапынан инвестормен жобаны одан әрі іске асыру үшін қажетті ақпарат алмасу бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде.

Кездесу барысында Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев мұндай жобалардың екі ел үшін де маңыздылығын және өзара тиімді ынтымақтастықтың үлгісі болып табылатынын атап өтті.

«Қазақ-өзбек ынтымақтастығы Түркістан облысын дамытуда



207 млн. Ауыл шаруашылығы техникасының тозуын ескерсек, бұл жобаның өзектілігі даусыз. Еліміз бойынша 185 мың бірлік техниканың 76% - ы, облыста 19 мың бірлік техниканың 83% - ы тозған. Мемлекет өз тарапынан инвестициялық субсидиялар, фермерлерге жеңілдікпен несиелер, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін субсидиялар, сондай-ақ инфрақұрылым жүргізу түрінде көптеген мемлекеттік қолдау шараларын ұсынып келеді. Біздің тарапымыздан сіздерге қолдау және толық ақпарат беріледі», - деді Өмірзақ Естайұлы.

Кездесуде «Узагротехсаноатхолдинг» АҚ-ның Басқарма Төрағасы Н. С. Отажонов біздің өңірдің инвестициялық ахуалына жоғары баға берді.

Қазақ-өзбек ынтымақтастығы Түркістан облысын дамытуда ерекше маңызға ие екенін атап өту қажет. Өзбекстан біздің өңіріміз үшін екінші маңызды сауда-экономикалық әріптес болып табылады.

Жобаға қызығушылық танытқан өзбекстандық компанияның басшылығы 49/51% шарты негізінде, акциялардың негізгі пакеті «Orbis Kazakhstan» Қазақстандық серіктес компаниясында болуды жөн көрді.

«Orbis Kazakhstan» компаниялар тобы – экономиканың түрлі салаларында жұмыс істейтін, ондаған кәсіпорындар мен ұйымдарды біріктірген көп бейінді отандық компания.

Жалпы ауданы 230 га жер телімі анықталып, оның 50 га жер телімінде туристік инвестициялық жобаларды іске асыру жоспарланып отыр. Бұл Кентау қаласының инвестициялық мүмкіндіктерін, туристер мен келуші қонақтардың санын арттыруға және жаңа туристік бағыттарының дамуына тың серпіліс бермек.

Жалпы, Қаратау қорығының аумағы 34 мың гектар. Онда Қазақстанның Қызыл Кітабына енген өсімдіктер мен жан - жануарлар мекен етеді. Кентау қаласы әкімдігі биыл Хантауы туристік аумағына апарар 8 км жолды реттеп, веложолға салып, жарықтандыру да көзделуде.

**Салтанат ТОЙБОЛОВА.**

## ТӨЛЕБИ АУДАНЫНДА СЕЛДЕН ҚИРАҒАН ҮЙЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРУДЕ

Түркістан облысы халқының әлеуметтік жағдайы бірінші кезекте. Төлеби ауданында нөсерлі жауын салдарынан су шайған үйлер бой көтеруде. Апатты деп танылған 38 баспана толық сүріліп, бүгінде 28-нің іргетасы қаланған. Құрылысшылар бірнеше үйдің қабырғасын қалауға кірісіп кеткен.

әкімінің орынбасары Мейіржан Мырзалиев танысып қайтты. Ол мердігерлермен кездесіп, құрылыстың сапалы атқарылуы бойынша бірқатар тапсырмаларды жүктеді.

Толассыз жауған нөсер жауынның салдарынан Төлеби ауданындағы өзендердің су деңгейі



Жергілікті деңгейдегі төтенше жағдай салдарынан қиындыққа кез болған тұрғындар көп ұзамай баспаналарына қайта оралатын болады. Құрылыс жұмыстарын шілде айына дейін аяқтау жоспарлануда.

Құрылыс жұмыстары аймақ басшысы Өмірзақ Шөкеевтің тұрақты бақылауында. Қайта салынып жатқан үйлердің құрылысымен төтенше жағдайға қатысты құрылған комиссияның төрағасы, облыс

көтеріліп, 6 елді мекендегі 200-ден астам тұрғын үйлердің ауласына су кірген болатын. Төтенше жағдайдың зардаптарын жою жұмыстары шұғыл түрде қолға алынған. Соның арқасында су шайған 4 көпірге екі тәуліктің ішінде өткелдер орнатылып, 32 шақырым арық-атыз тазартылды. 3,5 мың қаппен арық ернеулерінің деңгейі көтеріліп, 4,2 шақырым қашыртқы қазылды. Қазір аудан тұрғындары үшін ешқандай қауіп жоқ.

## БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛІ ЕҢБЕК



Еліміздің агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы еліміздің агроөнеркәсіптік кешені субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және Қазақстанда жалпы ауылшаруашылығы саласын дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру, АӨК субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру, АӨК субъектілерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйелерін дамыту, АӨК мемлекеттік реттеу жүйелерінің тиімділігін арттыру сынды төрт негізгі бағытты қамтиды.

Түлкібас ауданында жергілікті кәсіпкер «Арман» шаруа қожалығының төрағасы Алимбаев Аңсаған мал шаруашылығын дамытуға көшті.

Қожалық иесі «Бастау-бизнес» жобасы арқылы кәсіпкерлік негіздері бойынша білімін жетілдіріп, «Кәсіпкерлік мектебі» мамандарының көмегімен бизнес жоспарын әзірлеп, «Түлкібас» несиесіне серіктестігіне құжаттарын өткізген.

Нәтижесінде «Агробизнес» бағдарламасының төртінші бағыты аясында 30 бас сауынды сиыр, 13 бас сауынды бие сатып алып көсібін жандандырып отыр. Салауатты өмір салтын ұстану үшін табиғи сүт өнімдерін халыққа ұсынууда.

«Ағы бардың бағы бар» деп қазақ халқы сүт тағамын бақыт, несібесі деп білген. Ата-бабаларымыз сүтті соншалық қасиеттеудің басты себебі – ол тіршілік арқауы, дертке шипа. Ұлттық сусыннан неше алуан құрған молшылығын жасаған. Бүгінгі таңда 2 азаматты жұмыспен қамтып отырмыз. Сұраныс жеткілікті», - деді қожалық иесі.

Облыс әкімі Ө.Шөкеевтің тапсырмасына сәйкес, бүгінде Түлкібас ауданында ауылшаруашылығы мен кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік қолдауды пайдалана отырып, кәсіпкерлікті дамыту шаралары жүйелі түрде іске асып келеді. Бұл шаралар өз кезегінде аудан тұрғындарының әл-ауқатын көтеріп қана қоймай төтенше жағдайдан зардап шеккен аудан экономикасын қалпына келуіне үлкен септігін тигізбек.

**Бетті дайындаған: Сандұғаш ӘБДІҒАППАР.**



## ТҮРКІСТАН ТУРИСТЕРДІ НЕСІМЕН ТАҢҚАЛДЫРАДЫ?

«Тұңғыш Президент саябағында» бүгінгі таңда жалпы көріз және электр жүйелері толықтай аяқталды. Жарық жүргізіліп, сыртқы су жүйесі іске қосылды. Саябақта 2 мыңдай тұр ағаш отырғызылған. Көне сәулет өнерінің көзі – «Керуен сарай» кешенінің құрылысы алдағы күзде аяқталады. Тендесі жоқ аспан астында қалқын театр, жергілікті қолөнер шеберлерінің ашық базары, ерекше су бұрқақтар мен демалыс орындары халық көңілінен

шығары хақ.

Жалпы Түркістан өңірінде тек облыс орталығы ғана емес, аймақтардың да туризмге сұранып тұрған жерлерін дамыту мықтап қолға алынған. Мәселен, аймақ басшысы Өмірзақ Шөкеевтің тапсырмасына сәйкес, Кентау қаласы, Қаратау қорығының жанындағы Хантауы туристік нысаны аумағында экологиялық және белсенді туризмді дамытуға бағытталған инвестициялық жобалар жүзеге асырылмақ. Жаңа жобалар дайындалып, әлеуетті инвесторларға ұсынылуда.



Асылы «Сәбит (Мұқанов) мақсат-шыл емес, затшыл ақын» дей келіп, шығармада «біз нағыз тұрмысты көре алмаймыз... өтіріктің енді қадірі кем... бізге барып тұрған шындық керек» деп орынды, қатал талап қояды.

Ұлт руханиятының тамыршысы болған С.Үсеновтің «Сұлушашқа сыннан» бөлек бірқатар еңбектерін айтуға болады: «Жиренше шешен сөздері» («Жас қайрат», 1924ж. №6), «Түсінбеймін» өлеңі («Жаңа әдебиет», 1928ж №10) т.б. Бұл шығармашылықтарын алдағы күнде арнайы зерттеуді қажет етеді.

С.Үсенов өмірде де кең, көпшілікпен тез тіл табыса білетін қасиеттерімен танылған. Оның жақын араласып сыйласқан әріптестерінің арасында танымал тұлғалар - Сәкен Сейфуллин, Саттар Ерубаев болған. Қызмет бабымен қоян-қолтық жұмыс жасап, бірге жүрген замандастары қатарында Абдушахман Жамбыловты, Нысанбай Садықбековты, Байлар Айдаровты т.б. атауға болады.

Өз қолымен жазылған өмірбаянынан үзінді келтіре кетсек, онда былай делін-

бірге өжеміз қалатын. Ол кісі анамыздың орнына ана болды. Бірақ, бұл да ұзаққа бармады. Бізді бұдан да ауыр күндер күтіп тұр екен. Күздің суық түнінің бірінде – мен бұл күнді өмір бақи естен шығармаймын: 1937 жылы қараша айының 3-нен 4-не ауған шағында біздің үйге «қара құзғынмен» НКВД-дан бір топ адам сау етіп келді. Олардың біреуі, шамасы бастығы болу керек, әкеме «жинал» деп белгі берді. Біз, балалары үрпиіп, көзіміз шарамыздан шығып, не болғанын түсінбей жылап, әкеміздің қол астына тығылып, оны құшақтап тұрып қалыппыз. Сол кезде әлгілердің біреуі бізді жұлып алып, еденге бір-ақ лақтырып кете барды. Бөлмеден шыға бере әкеміз бізге қарап: «Мен қайтып келемін», – деп шығып кетті. Бірақ сол кеткеннен ол бізге қайтып оралмады.

Араға бірнеше күн салып, біздің де соңымыздан «халық жауының» балалары ретінде келіп, алып кетті. Бізге енді осындай айдар тағылды. Бізді алып келген балалар үйінде 3 жастан 12 жас аралығындағы балалар толып жүр. Біздің өжеміз соңымыздан бірнеше рет

келіп, жолығуға еш мүмкіндік таппай, қақпаның сыртында бірнеше сағаттар бойы қарауылдап, бізді бір көруге зар болып, сыртта тосып жүреді екен. Кейіннен өжеміз өткен күндерді еске алып, «сол кездегі балалардың шырқыраған дауысын әлі күнге дейін ұмыта алар емеспін» деп егіліп жылап алатын. Содан бізді, бір топ балаларды топырлатып поезға салып, алып кетті. Қайда? Белгісіз. Бізге ешкім ештеңе айтпайды. Ал, біз көзіміз жасқа толып, жылап-сықтап жолдың өзін әрең көретінбіз. Бірнеше күн, бірнеше түн ұзақ жол жүріп, ақыр соңында Ресейден бір-ақ шықтық. Мені Орынбор облысының Новоорск балалар үйіне орналастырды».

Бүгінгі күні С.Үсеновтің үш баласының ішінен қалған жалғыз ұлы – Сәлім Құрманов ғана болатын. Бірақ, Ресейдің ұзақ жыл Орынбор облысының Карачанка селосында ғұмыр кешіп, зейнетке кеше шыққан абзал азамат жақында бақилық болды, ал үлкен қызы Фарида бойжетіп, балалар үйінен шыққаннан кейін, Жамбыл облысына Шу ауданына тұрмысқа шығып, сонда тұрып қалған. 1976 жылы дүние салды. Ал, үшінші қызы Қалима балалар үйіне жіберілгеннен кейін хабарсыз кеткен. Кейіннен қаншама іздеу салғанымызбен нәтиже бермеді. Әлі күнге дейін табылған жоқ.

1959 жылы 23 наурызда Түркістан әскери округінің анықтамасында қылмыстық іс тоқтатылып, С.Үсеновтің бір-жолата ақталғаны жөнінде мәлімет бар.

Бір анадан туып, ұлттың бағына біткен Сейілбек, Өшірбек Үсеновтердің ерен еңбегін жоққа шығаруға болмайды. Ағайынды Үсеновтердің кенжесі Өшірбек жөнінде жазылар еңбектің өзі бір төбе. Белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің 1928-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргінде жазықсыз құрбан болып, атылып кеткен ұлт зиялыларының тізімі жасалған «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақаласында Ө.Бөкейханов, Н.Нұрмақов сияқты қайраткерлердің қатарында Ө.Үсеновтің аты-жөні беріліп, Мәскеудің Дон мазаратында жерленгендігі туралы дерек келтіріледі.

Өшірбек Үсенов 1907 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, бұрынғы Шымкент ауданы, Қатын көпір елді мекенінде дү-

ниеге келген. Өшірбек Үсенов Сырдария округтік Қазақ педагогикалық техникумына 1925 жылы мамырда оқуға түсіп, оны 1929 жылы аяқтады. Онда ол қазақ (өзбек) мектептерінің I санатты мұғалімі куәлігін алып шығады. 1929 жылдың қыркүйегінен 1932 жылдың шілдесі аралығында Ө.Үсенов Алматы қаласындағы Қазақ педагогика институтының тіл-әдебиет бөлімін бітіріп шығады. Осы оқу орнын бітіргенге дейінгі уақытта оқу өндіріс жоспарын және қоғам қызметін атқарды. 1929 жылғы 8 шілдедегі РСФСР-дің Халық кеңестері Кеңесінің жарлығы бойынша Өшірбек Үсеновке берілген куәлікте белгілі бір аймақта үш жыл мерзімінде тұрақты жұмыс істеуін міндеттейді.

1931 жылы 29 қаңтарда Алматы қалалық кеңесі жұмысшы комитетінің VII шақырылымының мүшесі болып, куәлік (сенім хат) алады. Ол бойынша Алматы қаласындағы барлық кеңестік мекемелер мен ұйымдарға кіруге құқық берілген болатын. 1934 жылға дейін Ө.Үсенов әскери қызметтен уақытша босатылып, 1936 жылы 26 сәуірде Алматы облыстық №99 Әскери компартиясында



Сейілбек Үсенов, 1931 жыл.

пайлануға жүрегі дауаламаған болса керек-ті.

1935 жылдан бастап Ө.Үсенов Қазақ КСР-нің территориясында құрылған антикеңестік ұлттық террористік және диверсиялық-зиянкестік ұйымдардың белді мүшесі ретінде айыпқа тартылған болатын. Осы орайда, Ө.Үсенов Жүргенов, Қабылов, Берденов, Жансүгіров, Қоңыратбаев, Исаков және Сейітхановтармен қатар әлгі ұйымдардың мүшесі ретінде жазықсыз жазаға ұшырады.

1936 жылы 19 қаңтарда КСРО Жазушылар Ода-

Ағайындылар



Өшірбек Үсеновтің үлкендерге арнап жазған әліппесі.

Пушкинский 45 көшесінің тұрғыны ретінде тіркеліп, әскери билетін алды. Алайда, Ө.Үсенов осы Алматы қаласындағы Пролетарская көшесіндегі 29/31 үйде тұрақты түрде тұрғандығы өзінің тұтқындалғандығы жөніндегі анкетада көрсетілген. Осы аталмыш 1938 жылы 9 наурызда толтырылған анкетадан Ө.Үсеновтің отбасылық құрамы жайлы біраз мәліметке қанығуға болады. Онда оның әйелі Үсенова Хабибаның 24 жаста, ал балалары - Рахияның 6 жаста, Рахиманың 5 жаста, Әзімнің 3 жаста, Сырымның 1 жаста екендігін көреміз. Мәселен, Ө.Үсеновтің ортаншы қызы Рахимаға байланысты мына бір деректі келтіруге болады. Оның жұбайы кезінде Алматы қаласындағы ҰҚК-де полковник шенінде қызмет атқара отырып, өзінің қайын атасы Ө.Үсенов туралы мұрағат құжаттарын қарай алмағаны бізді қайран қалдырады. Шамасы оның әлі де болса әкімшіл-өміршіл Кеңестік цензураның қатал сүзгісіне ілігіп қалудан сақтанып, қызметтік мүмкіншілігін

ғының мүшесі болып №875 куәліктің иесі атанды. 1938 жылы 9 наурызда тұтқындалғанға дейін Алматыдағы №12 мектептің мұғалімі болып жұмыс істеді.

1938 жылы 9 наурызда КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының секретары Батнердің қолы қойылған үкімде Ө.Үсеновтің алдымен 10 жылға абақтыға жабылуымен қоса, оны 5 жылға саяси құқығынан айырып, барлық дүние-мүлкі тәркіленетіні көрсетілген.

1938 жылы 11 қарашада ол ату жаза-сына кесіліп, 1960 жылы 20 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының шешімімен толық ақталды. Өшірбек Үсенов ағасы Сейілбек Үсенов сияқты қоғамдық-саяси жұмыстармен қатар, әдеби-шығармашылықпен белсене айналысты. Ол белгілі қаламгер болумен бірге, бірнеше оқулықтың авторы болды. Үлкендер мектебіне арналған латын тіліндегі «Әліппенің» де авторы атанды. Сонымен бірге, орта мектептің 9-класына арналған «Әдебиет хрестоматиясын» да жазып қалдырды. Одан бөлек, ол алымды аудармашы ретінде де танылды. Мәселен, В.Внуковтың «Соғыс техникасы бізге қорқынышты ма?», С.Юшковтың «Жорықта» және «Жаяу әскерлердің тынығуы мен сақтануы», С.Стерлиннің «Соғыс кезінде Қызыл Армияға халық немен жәрдем етеді?» атты кітаптарын атауға болады.

